

Бекітемін:
Манғыстау облысының білім басқармасыны
Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Бейнеу» санаториялық бөбекжайы»КММ-сі
директоры м.у.а.  Р.Нуртаева
« 31 » 03 » 2021ж

***Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының және Мектепке
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының негізінде 2023-2024 оқу
жылына арналған бейнелеу маманының ересек «Жауқазын» тобының
ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары***

Дайындаған: Қанжарова Ә.

Топ: Ересек (Жауқазын)

Балалардың жасы: 4 жасар.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2021-2022 оқу жылы.

айы	Ұймдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Сурет салу	Сурет оқу іс-әрекеті құрал-жабдығымен танысу.Түрлі-түсті бояуларды пайдалана отырып, түзу сызықтар жүргізе білуге үйрету. Балалардың кемпірқосақ туралы түсініктерін толықтыру, түстерді танып. Ажырата білуге үйрету. Пішін төртбұрышты түрлі түсті орамалдарды саусақпен өрнектеуге үйрету. Саусақты бояуға батыру тәсілдерін көрсету. Баланың ойлау қабілетін дамыту.Заттың қасиетін біліп сипаттай білуге үйрету. Доп салу әдіс-тәсілін үйрету. Жаңа сурет салу әдісімен танысу, баланың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.
Қазан	Сурет салу	Маңғыстау өңіріндегі жануарлардың бірі түлкімен таныстыру.Түлкіні жапырақшамен бейнелеу әдіс-тәсілімен меңгерту. Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен таныстыру.Тегістеп бояуға және оюлармен өрнектеуге бейімдеу. Балалардың шар туралы білімдерін кеңейту,толықтыру, ойын арқылы түр-түсін ажырата білуге үйрету. Баланың ойлау белсенділігін дамыту.Фигуралардан мысықты бейнелеу.
Қараша	Сурет салу	Балалардың сурет өнерінің табиғат жанрымен таныстыру.Түстерін, көлемін, пішінін, кеңістікте, орналасуын, композиция құру ерекшеліктерін түсіндіру. Ойыншық түрлерімен танысу.Кішкентай, үлкен дөңгелектер салуға машықтану. Балапандардың пайда болуы, түсі, тіршілігі, қимылын әңгімелеу.Дөңгелектер арқылы балапандар салу. Күзгі жапырақтармен таныстыру, гуашьпен жапырақтарды бояу.
Желтоқсан	Сурет салу	Қысқы құбылыстар жайлы түсініктер беру.Бояу үгінділерімен саусақ арқылы қырау бейнелеу әдісін меңгерту. Қарындашқа біркелкі басып, суретті қарындаштан алмай бояуға, ал қылқаламмен бір жаққа қарай пішінінің сыртына шықпауға үйрету.

Қаңтар	Сурет салу	Шырша салу әдісін меңгерту және оған жаңа жылдық сән беру. Киім атауларымен таныстыру. Қылқаламды басу әдісін пайдалана отырып сурет салуға үйрету. Баланы көзбен бағыт-бағдар жасай білуге үйрету. Жаңа әдіспен таныстыру.
Ақпан	Сурет салу	Бақыт құсы жайында түсінік беру. Құс салу әдісін үйрету. Шығармашылық белсенділігін арттыру. Үйдің құрлысы жайында түсініктерін тиянақтау. Үй салу әдісін меңгерту және шығармашылығына ерік беру. Балаларды қазақ халқының тұрмысымен таныстыру. Табақты өрнектермен әшекейлеуді үйрету. Ұқыпты жұмыс жасауға, қазақтың өнеріне деген қызығушылығын арттыру. Шығармашылық өзінділікті және қиялды дамытып, дөңгелек пішінді нәрселердің суретін салу дағдысын бекіту.
Наурыз	Сурет салу	Кескіні берілген балықтары бір бағытта бояуға үйрету. Балаларға үй құстарының немен қоректенетіні, күтімі, пайдасы, түсі жайында әңгімелесу. Қолмен басып салу әдіс-тәсілдерін меңгерту. Хризантема гүлінің суретін салу және анамызға сыйлық жасай отырып, үлкенді құрметтей білуге үйрету. Бөлме гүлдерімен танысу. Сурет салу. Ұқыпты бояу. Наурыз мерекесі жайында түсініктерін дамыту. Киіз үйге мерекелік сән бері, фломастермен ою-өрнек салу.
Сәуір	Сурет салу	Орыс халқының қолөнерімен таныстыру (гжель). Гжельдік өнер салу, әдіс-тәсілдерін үйрету. Балалардың дала гүлдері жайында түсініктерін дамыту. Саусақпен қызғалдақты бейнелеу. Қысқа қисық сызықтармен шөптің суретін салып, дәстүрден тыс әдіс тәсілдермен асемдеу. Балаларға сирень ағашы түсінік беру. Жұмыр қағазбен бояуды жаға білуге үйрету.
Мамыр	Сурет салу	Жеңіс күні жайында бала түсінігін тиянақтау. Батырлар ерлігін құрметтеуге үйрету. Баланың сюжетті сурет салу дағдысын қалыптастыру. Көктем көрінісін бейнелеу. Құрмысқа тіршілігі жайында балаларға түсінік беру. Саусақпен сурет салу әдісін меңгерту.

